

00

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 16 тамыз
сағ.15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: ҚР энергетика вице-министрі Ж.Д. Нұрмағанбетов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша)

**1. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын
дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдасы туралы**

(Ж. Нұрмағанбетов)

1.1. Энергетика вице-министрі Ж. Нұрмағанбетовтің Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту, Тұжырымдамада көзделген мақсаттар мен міндеттер туралы ақпараты назарға алынсын.

**2. ЭКЕАЖ және SCADA жаңғырту үшін ынталандыру шараларын енгізу
арқылы Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясын өндіру
мен ысыраптарды есепке алуды жетілдіру туралы**

(Ж. Нұрмағанбетов)

2.1. Энергетика вице-министрі Ж. Нұрмағанбетовтің ЭКЕАЖ және SCADA жаңғырту үшін ынталандыру шараларын енгізу арқылы Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясын өндіру мен ысыраптарды есепке алуды жетілдіру туралы ақпараты назарға алынсын;

2.2. Қоғамдық кеңестің хатшылығы:

- Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен тәулік аймақтары бойынша электр энергиясына сараланған тарифтерді қайтару мүмкіндігі туралы мәселені қарастыруды енгізсін.

3. Электр энергетикасы саласын жаңғырту жоспарын әзірлеу туралы

(Ө. Тұрар)

3.1. Қоғамдық кеңестің мүшелері тұтынушыларды ӘЖ-0,4 кВ-тан ӘЖ-10 кВ-ты терең енгізуге ауыстыру арқылы энергия өндіруші компаниялардың жаңа қуаттарды жаңғыртуы мен іске қосуын және АЭК тарату желілерін


жаңғыртуды қамтитын электр энергетика саласын жаңғырту жоспарын әзірлеу туралы Электр энергетикасын дамыту департаменті мониторинг және өтініштермен жұмыс басқармасының басшысы Ә. Тұрардың ақпаратын назарға алып, осы мәселені келесі отырысқа қалдыру туралы шешім қабылдады. Бұл мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, егжей-тегжейлі пысықтауды талап етеді.

3.2. Қоғамдық кеңестің мүшелері:

- Электр энергетикасын дамыту департаментіне 0,4 кВ тарату желілерін жаңғыртуды қамтамасыз ету мақсатында электр желілеріндегі тиімділікті және ысыраптарды төмендету арқылы заңнамаға өзгерістер енгізу жөніндегі нақты ұсыныстарын негізделген есептемелерін қоса бере отырып, ұсынсын.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**



Б. Әуетаев

Н. Секербеков